| 18 | Микробиология және паразитология | *Интеграцияланған пән:* Микроорганизмдердің морфофизиологиясы мен генетикасы, этиопатогенезі, иммунитеті, негізгі бактериялық, вирустық, саңырауқұлақтық және паразиттік аурулардың зертханалық диагностикасы, профилактикасы және этиотропты терапиясы. Паразитизм экологиялық құбылыс ретінде. Паразиттік аурулардың жіктелуі. Медициналық протистология. Медициналық гельминтология. Медициналық арахноэнтомология. Микробиология саласындағы зерттеулер. | БП | ЖК | 6 | ОН1<br>ОН8<br>ОН9<br>ОН13<br>ОН14 |
| 19 | Морфофизиология | *Интеграцияланған пән:* Адам ағзасының морфофункционалды ерекшеліктерін, оның топикалық негізін түсінуге бағытталған іргелі білімді қалыптастыру. Ағзалар мен жүйелердің қалыпты жағдайдағы анатомиясы, физиологиясы және гистологиясы: тірек-қимыл, тері, жүйке, сезім ағзалары, жүрек-тамыр, тыныс алу, асқорыту, эндокриндік, қантүзуші, иммундық, қан жүйесі, несеп шығару, жыныстық. Морфофизиологиядағы ғылыми зерттеулер. | БП | ЖК | 8 | ОН 1<br>ОН 13 |
| 20 | Жалпы гигиена | Гигиеналық нормалар, қоршаған ортаның жай-күйін бағалау ережелері мен әдістері, қоршаған орта факторларының денсаулыққа әсері, цифрлық технологияларды пайдалана отырып, қоршаған ортаның жай-күйін, өмір сүру және еңбек жағдайларын гигиеналық бағалау және талдау дағдылары, аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегіісшараларды әзірлеу және іске асыру туралы білімді қалыптастыру; гигиена және денсаулық мәселелері бойынша инклюзия қағидаттарын сақтай отырып, халық арасында ақпараттық-ағарту жұмысы | БП | ЖК | 5 | ОН1<br>ОН5<br>ОН6<br>ОН7<br>ОН12<br>ОН13 |
| 21 | Жалпы патология | *Интеграцияланған пән*: кең таралған ауруларды | БП | ЖК | 6 | ОН1 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | диагностикалау үшін типтік жалпы патологиялық үдерістердің даму заңдылықтары туралы іргелі білімді қалыптастыру; клиникалық-зертханалық деректерді патофизиологиялық талдау дағдылары, макро-және микропрепараттарды сипаттау, әртүрлі аурулардың алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық негіздерін түсіну. Этиопатогенез, морфогенез, морфология, нәтиже. | | | | ОН6<br>ОН13<br>ОН14 |
| 22 | Фармакология негіздері | Медицинада дәрілік заттардың фармакодинамикасының және фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары және фармакологиялық әсерлерден туындаған мүшелер мен жүйелер қызметінің өзгерістері. Перифериялық және орталық жүйке жүйесінің қызметіне әсер ететін дәрілік заттардың фармакодинамикасы, фармакокинетикасы, атқарушы жүйелер мен химиотерапевтік агенттердің қызметтері. Дәрілік заттардың классификациясы және номенклатурасы. Дәрілік заттардың жанама әсерлері, жанама әсерлердің алдын алу және түзету әдістері. | БП | ЖК | 4 | ОН1<br>ОН13 |
| 23 | Жобалық қызмет және биостатистика | Медицинадағы жобалық менеджменттің әдістері мен құралдары, жобаларды жоспарлау, ұйымдастыру және басқару дағдылары туралы білімді қалыптастыру; әдебиеттерді жүйелі шолу және ғылыми деректерді синтездеу; жобалық топтар шеңберінде қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық жасау; денсаулық сақтаудағы жобалардың тәуекелдері мен тиімділігін талдау және болжау, медицинадағы ғылыми зерттеулерді сыни тұрғыдан талдау; медициналықбиологиялық, санитарлық-гигиеналық және эпидемологиялық зерттеулерде сипаттамалық Статистика әдістерін және гипотезаларды тексеру теориясын қолданудың практикалық дағдылары, сондай-ақ үлгілерді анықтау және тәуекелдерді болжау үшін озық цифрлық технологиялар арқылы статистикалық деректерді өңдеу | БП | ЖК | 6 | ОН2<br>ОН3<br>ОН6<br>ОН8<br>ОН14 |
| 24 | Ішкі аурулар | Субъективті (сұрақ қою) және объективті тексеру (пальпация, | БП | ЖК | 3 | ОН1 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | пропедевтикасы | перкуссия және аускультация). Семиотика мен синдромологияның негізін түсіну. Ішкі ағзалардың аурулары кезінде клиникалық тексерудің негізгі әдістерін қолдану туралы жиналған материалдың қажеттілігін негіздеу. Медициналық құжаттаманы толтыру. Зертханалық және аспаптық зерттеулерді жоспарлау. Пациенттермен қарым-қатынас кезіндегі байланыс негіздері. Білім мен дағдыларды жетілдіру, үздіксіз кәсіби даму. | | | | ОН2<br>ОН12<br>ОН13 |
| 25 | Жедел медициналық көмек | Алғашқы медициналық көмек көрсетудің негізгі қағидалары. Шұғыл көмек көрсету кезіндегі пациенттің құқықтары. Антисептика және асептика. Жұмсақ тіндердің жарақаттарымен зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек. Қан жоғалтуға алғашқы көмек. Химиялық, термиялық, сәулелік күйіктер кезінде дәрігерге дейінгі алғашқы көмек. Көгерген кезде алғашқы медициналық көмек. Реанимациялық іс-шаралар. Негізгі жүрек-өкпе реанимациясы (VLS). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (ACLS). | БП | ЖК | 4 | ОН1<br>ОН2<br>ОН5 |
| 26 | Химия және зертханалық зерттеу әдістері | Сыртқы орта нысаналарын санитариялық-гигиеналық сараптау кезінде сапалы және сандық талдау негіздері, титрлеу техникасы туралы білім мен дағдыларды қалыптастыру. Физика-химиялық үдерістерді және қоршаған ортаның адам ағзасына әсерін түсіну үшін қажетті химияның жалпы заңдылықтары. Органикалық заттардың химиялық құрамы, құрылымы, қасиеттері мен биологиялық белсенділігі арасындағы байланыс туралы түсінік. Санитариялық гигиенада қолданылатын әртүрлі концентрациядағы ерітінділерді дайындау. Нәтижелерді рәсімдеу. | БП | ЖК | 3 | ОН1<br>ОН6<br>ОН8 |
| 27 | «Гигиеналық зертхананың лаборанты ретінде» | Адамның тіршілік ету ортасы факторларының зертханалық және аспаптық зерттеулерінің орындалуын ұйымдастырушылық қамтамасыз ету дағдылары, оларды | БП | ЖК | 1 | ОН1<br>ОН2<br>ОН3 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | оқу практикасы | анықтаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігін растаудың қолданылатын әдістері/әдістемелері. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты сынамаларды іріктеу және ілеспе құжаттаманы рәсімдеу, зерттеулер, интерпретация, рәсімдеу және нәтижелерді статистикалық өңдеу, санитариялық-химиялық, физикалық, токсикологиялық зерттеулер әдістемесі. | | | | ОН5<br>ОН6<br>ОН13 |
| 28 | «Микробиологиялық зертхананың лаборанты ретінде» оқу практикасы | Микробиологиялық зертханадағы міндеттері, құрылымы, жабдықтары, жұмыс ережелері және қауіпсіздік техникасы; клиникалық материалды, сыртқы орта объектілері мен тамақ өнімдерінің сынамаларын қабылдау, тіркеу, іріктеу; микроскопиялық, микробиологиялық және серологиялық зерттеулер жүргізу үшін зерттелетін материалды, қоректік ортаны, реактивтер мен жабдықтарды дайындау; клиникалық материалға, сыртқы орта объектілерінің сынамаларына микробиологиялық зерттеулер жүргізу және тамақ өнімдерін бағалау; жүргізілген зерттеулердің нәтижесін бағалау; есепке алу-есептілік құжаттамасын жүргізу | БП | ЖК | 1 | ОН1<br>ОН2<br>ОН6<br>ОН8<br>ОН12 |
| | **Бейіндеуші пәндер циклі** | | | | 175 | |
| 29 | Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы | Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулер: түрлері, мақсаттары, міндеттері. Халық денсаулығына ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу ерекшеліктері. Ғылыми зерттеулер саласындағы қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілер. Принциптері биомедициналық этика ережелері. Стандартты операциялық процедуралар. Этикалық комитеттер: мақсаттары, функциялары, қатысушыларға қойылатын талаптар. | БнП | ЖК | 3 | ОН1<br>ОН5<br>ОН14 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ақпараттандырылған келісім. Мүдделер қақтығысы. Зерттеу нәтижелерін жариялауға қойылатын этикалық талаптар. | | | | |
| 30 | Балалар және жасөспірімдер гигиенасы | Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен дене дамуының жай-күйін зерттеу және бағалау әдістері. Балалар мен жасөспірімдердің тамақтану гигиенасы. Білім берудегі іс-әрекет гигиенасы, балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі, шынықтыру. Білім алушылардың еңбек тәрбиесі, оқыту және кәсіптік білім беру гигиенасы. Балалар мен жасөспірімдер мекемелерін жобалау мен салудағы гигиеналық негіздері. Балалар мен жасөспірімдер мекемелерін абаттандыру мен жабдықтауға қойылатын гигиеналық талаптар. Балалар және жасөспірімдер гигиенасы саласындағы нормативтік құжаттар мен МСЭБ. | БнП | ЖК | 6 | ОН1<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН6<br>ОН7<br>ОН8<br>ОН11<br>ОН12<br>ОН13 |
| 31 | Тамақтану гигиенасы | Халықтың дұрыс тамақтануы. Тамақ өнімдерін санитариялық қорғау және азық-түлік шикізаты мен азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін, оларды өндіру мен өткізу шарттарын, оның ішінде қоғамдық тамақтану орындарында қамтамасыз ету. Халықтың тамақтану мәселесінің гигиеналық аспектілері. Алиментарлы аурулардың алдын алу. Халықтың тамақтануының адекваттылығын гигиеналық бақылау. Тағам рационын гигиеналық бағалау. Емдік-профилактикалық тамақтану. Тамақтан уланулар және олардың алдын алу. Азық-түліктердің санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасы. Тамақтану гигиенасы саласындағы нормативтік құжаттар және МСЭБ. | БнП | ЖК | 7 | ОН1<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН6<br>ОН7<br>ОН8<br>ОН11<br>ОН12<br>ОН13 |
| 32 | Еңбек гигиенасы | Еңбек гигиенасы және өндірістік санитария. Еңбек гигиенасы аясындағы нормативтік құжаттар және МСЭБ. Мекеменің (ұйымның) ғимараттары мен үй-жайларына, аумағына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар. | БнП | ЖК | 6 | ОН1<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН6 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Өндірістік микроклиматты нормалау. Зиянды өндірістік факторлар, олардың жұмысшылардың ағзасына әсері және олардың алдын-алу. Кәсіптік және өндірістік-шартты аурулар мен уланулар және олардың алдын алу. Еңбек жағдайлары мен жұмысшылардың денсаулық жағдайын медициналық бақылау. Медициналық тексерулер. Жұмыс орындарын аттестаттау. | | | | ОН7<br>ОН8<br>ОН11<br>ОН12<br>ОН13 |
| 33 | Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау | Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудың құқықтық негіздері (МСЭБ). Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз етуді реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық актілер. Бақылау нысандарын таңдау критерийлері. МСЭБ органдарының бақылау қызметін іске асыруы. Бақылау-қадағалау іс-шараларының түрлері. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі. Қызметті ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету. Ескертпелі, ағымдағы санитариялық бақылау. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау әдістері. Санитариялық талаптар мен нұсқамалардың орындалуын бақылау. МСЭБ есеп беру-тіркеу құжаттамасы және ақпараттық жүйелері. Санитариялық-ағарту жұмысының түрлері мен әдістері. Санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау көрсеткіштері. | БнП | ЖК | 4 | ОН1<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН6<br>ОН7<br>ОН8<br>ОН9<br>ОН10<br>ОН11<br>ОН12<br>ОН13 |
| 34 | Дезинфекциялық іс және медициналық қалдықтарды утилизациялау | *Интеграцияланған пән:* ҚР дезинфекциялық істі ұйымдастыру. Дезинфекцияның міндеттері. Профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралар кешеніндегі дезинфекциялау. Дезинфекцияның түрлері, әдістері және құралдары. Профилактикалық дезинфекция. Профилактикалық дезинфекцияны жүргізудің көрсеткіштері мен құралдары. Ошақты дезинфекция. Ағымды және қорытынды дезинфекция, оны жүзеге асыру құралдары. | БнП | ЖК | 6 | ОН1<br>ОН3<br>ОН9<br>ОН10<br>ОН12 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Медициналық қалдықтарды жинау, уақытша сақтау және тасымалдау кезеңдері. Медициналық қалдықтарды жинауға қойылатын талаптар. А, Б, В, Г, Д класындағы қалдықтарды жинау кезіндегі іс-қимыл тәртібі. Медициналық қалдықтарды уақытша сақтау (жинақтау) шарттарына қойылатын талаптар. Медициналық қалдықтардың қозғалысын есепке алу және бақылау. | | | | |
| 35 | Жұқпалы аурулар | Емдеу-профилактикалық ұйымда инфекциялық ауруларды ерте диагностикалау, инфекциялық қауіпсіздік және инфекциялық бақылау, медициналық көмек көрсетуге байланысты инфекцияларға қатысты профилактикалық іс-шараларды қолдану бойынша білімді қалыптастыру. Инфекциялық науқастарды ауруханаға жатқызу ережелері. Жұқпалы аурулар ауруханаларының құрылымы мен режимі. Жұқпалы аурулар. Этиологиясы. Патогенез. Клиникасы. Диагностика. Емдеу және алдын алу принциптері. Ауруханаға жатқызу көрсеткіштері. Жұқпалы аурулардың жалпы профилактикасы, ошақтардағы эпидемияға қарсы іс-шаралар. | БнП | ЖК | 5 | ОН1<br>ОН3<br>ОН9<br>ОН10<br>ОН12 |
| 36 | Медициналық ұйымдардағы инфекциялық бақылау | Медициналық көмек көрсетуге байланысты инфекциялар (МККБИ), ғылыми және ұйымдастыру негіздері. Әртүрлі медициналық ұйымдардағы МККБИ ерекшеліктері. МККБИ-ды төмендету мақсатында ауруханаларды жетілдіру. Инфекциялық ошақтың сеБнПтері мен белгілері. Инфекциялық ошақтың түрлері. Дезинфекция, залалсыздандыру, дезинсекция және дератизация мәселелері бойынша нормативтік құжаттар. | БнП | ЖК | 3 | ОН1<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН9<br>ОН10<br>ОН12 |
| 37 | Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудағы | Мемлекеттік іс жүргізу жүйесі туралы түсінік. МСЭБ ұйымдарында іс жүргізу негіздері. Құжаттарды жылжыту тәртібі. Құжаттардың түрлері: нормативтік-техникалық, ұйымдастырушылық-өкімдік, есептік-есептілік. Құжаттарды | БнП | ЖК | 5 | ОН1<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН8 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ақпараттық жүйелер және құжаттарды басқару | жасауға және рәсімдеуге қойылатын талаптар. МСЭБ саласындағы ҚР жаңа нормативтік құжаттарының маңызы. Шешімдердің (қаулылардың және т.б.) жобаларын дайындау халықтың өтініштері мен шағымдары бойынша жұмыс. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар. МСЭБ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. ҚР санитариялық-эпидемиологиялық қызметін цифрландыру тұжырымдамасы. Комитет пен басқа ұйымдар арасында ақпарат пен құжаттарды қабылдаудың, өңдеудің және сақтаудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі. | | | | |
| 38 | Коммуналды гигиена | Қолданыстағы санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес жай-күйін зерттеу мақсатында қоршаған орта нысаналарының (су объектілері, ауыз су, атмосфералық ауа, топырақ, зиянды физикалық факторлар, жасанды мекендеу ортасы) сапасын зерделеу. Елді мекендерді сумен жабдықтауды және кәрізді ұйымдастыруды, аумақтарды санитариялық тазалауды, қалдықтармен жұмыс істеуді, полимерлік және құрылыс материалдарының сапасын, сараптамалық және санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды рәсімдей отырып, тұрғын және қоғамдық ғимараттар мен нысыналарды жобалау және салу мәселелерін санитариялық–эпидемиологиялық қадағалау. Тұрғындардың орналастыру мен тұрудың оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету бойынша профилактикалық іс-шаралар кешенін әзірлеу. | БнП | ЖК | 8 | ОН1<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН6<br>ОН7<br>ОН8<br>ОН11<br>ОН12 |
| 39 | Гигиена және эпидемиология дағы зертханалық | Адамның тіршілік ету ортасы факторларының зертханалық және аспаптық зерттеулерінің орындалуын әдістемелік, техникалық ұйымдастырушылық қамтамасыз ету дағдылары, оларды анықтау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама | БнП | ЖК | 4 | ОН3<br>ОН5<br>ОН6<br>ОН7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | зерттеулер | талаптарына сәйкестігін растау әдістері (әдістемелері). Алгоритмнің анықтамасы: санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты гигиена және эпидемиология саласындағы санитариялық-химиялық, физикалық, токсикологиялық, микробиологиялық және радиологиялық зерттеулердің, интерпретацияның, нәтижелерді рәсімдеудің және статистикалық өңдеудің, сынамаларды іріктеу және рәсімдеу әдістемесінің еселігі мен көлемі. | | | | ОН8 |
| 40 | Медициналық заңнама | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы, мақсаттары, міндеттері, қағидаттары. Денсаулық сақтау саласындағы лицензиялау, аккредиттеу, аттестаттау және сертификаттау. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде лауазымды адамдардың құқықтары мен әлеуметтік қорғалуы. Денсаулық сақтау саласындағы адамдардың құқықтары мен міндеттері. Медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Медициналық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік. | БнП | ЖК | 3 | ОН1<br>ОН2<br>ОН5 |
| 41 | Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулер менеджменті | Денсаулық сақтау саласындағы зерттеулерді ұйымдастыру, жүргізу және этикалық реттеу қағидалары мен қағидаттарын регламенттейтін халықаралық және ұлттық стандарттар және өзге де НҚА. Зерттеу жобасының элементтері. Зерттеу бағдарламасы мен жоспарын әзірлеу. Зерттеу тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау. Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша қорытындылар, ұсынымдар және есептерді рәсімдеу. | БнП | ЖК | 3 | ОН1<br>ОН5<br>ОН 6<br>ОН14 |
| 42 | Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау саласындағы | Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мемлекеттік қызметтер көрсету. Қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің тізбесі (санитариялық ережелер, гигиеналық нормативтер). Санитариялық- | БнП | ЖК | 5 | ОН1<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН9 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | нормативтік құқықтық актілер | эпидемиологиялық қызмет қызметінің негізгі бағыттары бойынша нормативтік-құқықтық құжаттар. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау саласындағы ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында жасанды интеллектті қолданудың перспективалары. Ақпараттық деректер қорынан нормативтік-құқықтық актілерді іздеуде жасанды интеллекттің рөлі. | | | | |
| 43 | Қоғамдық денсаулық сақтау және дәлелді медицина негіздері | Қоғамдық денсаулық сақтаудың қағидаттары, негізгі тұжырымдамалары, әдістері мен құралдары, аурулардың алдын алу бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру дағдылары туралы білімді қалыптастыру. Халықтың денсаулығы мен араласудың тиімділігін бағалау үшін қажетті цифрлық технологияларды пайдалана отырып, деректерді жинау, талдау және түсіндіру әдістерін үйрету. Дәлелді медицина саласындағы сыни ойлауды дамыту, дәлелді шешімдер қабылдау және дәлелді медицинаға негізделген аурулардың алдын алу және емдеу бағдарламалары мен ұсыныстарын әзірлеу үшін ғылыми деректер мен зерттеулерді бағалау мен түсіндіруге үйрету. Пәнаралық топтарда жұмыс істеу және инклюзия қағидаттарын сақтай отырып, әртүрлі популяциялармен тиімді қарым-қатынас жасау мүмкіндігі.Бе | БнП | ЖК | 6 | ОН1<br>ОН2<br>ОН3<br>ОН8<br>ОН12<br>ОН14 |
| 44 | Қоршаған орта және халық денсаулығы | Қоршаған орта факторлары және олардың адам денсаулығына әсері туралы білімді қалыптастыру; қоршаған ортаның адам денсаулығына әсеріне байланысты Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті пайдалана отырып, экологиялық тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, зерттеулер жүргізу, деректерді мониторингілеу және талдау | БнП | ЖК | 5 | ОН2<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН6<br>ОН7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дағдылары; қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғаудың заңнамалық және реттеуші құжаттарымен жұмыс істеу дағдылары; тиімді коммуникация және экология және денсаулық мәселелерінде билік органдарымен және жұртшылықпен жұмыс; білім интеграциясы, өзін-өзі дамыту және әлеуметтік-этикалық нормаларды сақтау. | | | | |
| 45 | Денсаулық сақтауды ұйымдастыру, экономика және қаржыландыру | Қоғамдық денсаулықтың заманауи теориялары мен тұжырымдамалары. Халықтың денсаулығын сақтау саласындағы саясат. МӘМС жағдайында медициналық көмекті ұйымдастыру және көрсету қағидалары. Денсаулық сақтауды басқару жүйесіндегі ақпараттық технологиялар. Медициналық қызметтердің сапасын бақылау. Денсаулық сақтаудағы әкімшілік-құқықтық қатынастар. Еңбек заңнамасы. Денсаулық сақтаудың медициналық, әлеуметтік және экономикалық тиімділігі. Медициналық көмекке деген қажеттілік және медициналық қызметтерге деген сұраныс. Баға белгілеу. Денсаулық сақтауды қаржыландыру. Денсаулық сақтаудағы экономикалық бағалау: шығындарды азайту әдісі, шығындар әдісі-тиімділік, шығындар әдісіпайдалылық, шығындар әдісі-пайда. | БнП | ЖК | 6 | ОН1<br>ОН3<br>ОН8<br>ОН11<br>ОН12 |
| 46 | Хирургиялық аурулар негіздері және жарақаттанудың алдын алу негіздері | Хирургиялық тігістердің түрлері. Қан кету және қан жоғалту. Хирургиядағы жергілікті және аймақтық ауырсынуды емдеу. Жалпы анестезия. Хирургиядағы этика және деонтология мәселелері. Хирургия негіздері, хирургиялық аурулардың және олардың асқынуларының ағымын талдау. Этиология, патогенез, клиника, диагностика және дифференциалды диагностика, мүшелер мен жүйелердің шұғыл және жоспарлы хирургиялық ауруларын консервативті және жедел емдеудің заманауи әдістері мәселелері. Клиникалық ойлау, шеберлік, шұғыл және өмірге қауіп төндіретін жағдайларда дәрігерлік қызмет алгоритмдерін қолдану және жарақаттар, | БнП | ЖК | 3 | ОН1<br>ОН2<br>ОН13 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жарақаттанудың алдын алу кезінде ауырсынуды басу әдістері | | | | |
| 47 | Еңбекті қорғау және қауіпсіздік | Еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясат. Еңбекті қорғауды басқару жүйесі. ҚР және халықаралық маңызы бар еңбекті қорғау жөніндегі негізгі заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттар (ХЕҰ). Өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторлары мен жағдайлары. Еңбекті қорғау жөніндегі құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру-техникалық, эпидемиологиялық, емдік-профилактикалық іс-шаралары. СӨС насихаттау негіздері. | БнП | ЖК | 4 | ОН1<br>ОН2<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН8<br>ОН12<br>ОН13 |
| 48 | Аурулардың алдын алу | Денсаулықты жақсарту және аурулардың алдын алу мақсатында салауатты өмір салтын қолдану дағдыларын қалыптастыру. СӨС насихаттау негіздері. Тәуекел факторлары. Өмір сапасы, денсаулық және ұзақ өмір сүру. Денсаулықты нығайту тұжырымдамасы, қағидалары. Скринингті қоса алғанда, аурудың алдын алу стратегиясы. Әлеуметтік маңызы бар және алиментарлық аурулардың алдын алу. Ана мен бала денсаулығын қорғау. Халықтың аурушаңдығын төмендетудегі вакцинацияның рөлі. Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша халықаралық және ұлттық бағдарламалар. | БнП | ЖК | 5 | ОН1<br>ОН2<br>ОН3<br>ОН10<br>ОН12<br>ОН13 |
| 49 | Радиациялық гигиена және медициналық экология | *Интеграцияланған пән:* Радиациялық гигиенаның мақсаты мен міндеттері туралы, халық денсаулығына иондаушы сәулелердің өзара әсер етуінің негізгі заңдылықтары туралы білімді қалыптастыру, олардың қолайсыз әсерінің алдын алу шаралары және халықтың әртүрлі контингенттерінің денсаулық деңгейін арттыруға және инфекциялық емес сырқаттанушылықты төмендетуге бағытталған медициналық-профилактикалық іс-шаралар кешенін | БнП | ЖК | 7 | ОН1<br>ОН3<br>ОН6<br>ОН7<br>ОН9<br>ОН10<br>ОН11<br>ОН12 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ұйымдастыру, радиациялық фактордың денсаулыққа әсерін бағалау және халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қағидалары. Медициналық экология, халықтың денсаулығына әсер ететін экологиялық қауіп факторларының жіктелуі. Ксенобиотиктер. Қоршаған ортаның сапасын бағалау критерийлерінің бірі ретінде халық денсаулығының көрсеткіштері. | | | | |
| 50 | Санитариялық-эпидемиологиялық аудит | Санитариялық-эпидемиологиялық аудит. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу тәртібі мен құжаттары. Жоспарлы тексерулерден босату және санитариялық нормалар мен талаптарға сәйкестік құжаттары. Аудиторларға қойылатын талаптар. Аудиторлық есеп және оны беру тәртібі. | БнП | ЖК | 4 | ОН1<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН9<br>ОН10<br>ОН11 |
| 51 | Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама | Санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманы (СЭС) ұйымдастыру саласындағы заңнамалық, нормативтік және құқықтық актілер. СЭС өткізу нысаналары мен тәртібі. Радиациялық гигиена, тамақтану, еңбек, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, жобалық құжаттама саласында СЭС жүргізу ерекшеліктері. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар беру тәртібі. | БнП | ЖК | 4 | ОН1<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН8<br>ОН10<br>ОН11 |
| 52 | Денсаулық сақтаудағы статистика | Статистика туралы түсінік. Денсаулық пен денсаулық сақтаудың медициналық статистикасы. Демографиялық статистика. Денсаулық сақтау мекемелерінің медициналық есепке алу құжаттамасы. Медициналық-статистикалық зерттеулерді ұйымдастыру және кезеңдері. Стандарттау әдісі. Статистикалық талдаудың негізгі қателіктері. Халықтың денсаулығын, Денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін зерделеу және бағалау әдістері. Статистикалық зерттеулер | БнП | ЖК | 4 | ОН1<br>ОН3<br>ОН8 |

| | | | | | | |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | | нәтижелерінің графикалық көрінісі. | | | | |
| 53 | Санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудағы техникалық регламент | Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы техникалық регламенттерді, тамақ гигиенасы, балалар мен жасөспірімдер және еңбек, коммуналдық және радиациялық гигиена аясындағы Кедендік және Еуразиялық экономикалық одақтардың техникалық регламенттерін зерделеу және қолдану дағдыларын қалыптастыру. Өнімнің өмірлік циклі, өндіру, өткізу (оның ішінде азық-түлік өнімдерін өткізу кезінде сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату) кезеңдерінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тиісті техникалық регламенттер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау. | БнП | ЖК | 4 | ОН1<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН9 |
| 54 | Фтизиатрия | Халыққа туберкулезге қарсы көмек көрсетуді, медициналық мекемелерде туберкулезбен инфекциялық бақылауды және туберкулез ошақтарындағы жұмысты ұйымдастыру, сонымен қатар туберкулезбен ауыру жағдайларын анықтау, диагностикалау және клиникалық түрлерін, сонымен қатар туберкулездің алдын алу және диспансерлік есепке алу бойынша білімді, істей алуды меңгеру дағдыларын қалыптастыру. | БнП | ЖК | 4 | ОН1<br>ОН8<br>ОН9<br>ОН10 |
| 55 | Жұқпалы және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылау | Ел аумағын санитариялық қорғау жөніндегі іс-шараларды жекелеген ноозологиялық нысандардың клиникалық эпидемиологиялық сипаттамасын, науқасты анықтау кезінде медициналық персоналдың іс-қимылын, ақпарат және хабарла схемаларын, емдеу және шұғыл профилактиканы, төсемдерд жинақтауды, материалды алу, тасымалдау қағидаларын, жеке қорғану құралдарын қолдануды, режимді талап ететі инфекциялық және паразиттік аурулар бойынша білімд практикалық дағдыларды қалыптастыру патоген | БнП | ЖК | 4 | ОН1<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН8<br>ОН10<br>ОН11<br>ОН12<br>ОН14 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | микроорганизмдермен ластанған түрлі объектілерд зарарсыздандыру. Халықтың денсаулығына қауіп-қатерд бағалау әдістемесі. Ресми статистика және арнай ұйымдастырылған зерттеулер деректері негізінде жұқпалы ауруларды эпидемиологиялық қадағалау үшін қажет деректерді жинау, сақтау (деректер базасы), жүйелеу алгоритм Жұқпалы және паразиттік ауруларды эпидемиологиялы бақылау саласындағы нормативтік актілер. Биологиялық қауіп бағалау. Биологиялық қауіпсіздік аясындағы есепке алу жән мониторинг. Биологиялық қауіпсіздік аясындағ профилактика. | | | | |
| 56 | Жұқпалы емес ауруларды эпидемиологиялық бақылау | Жұқпалы емес ауруларды (ЖҚА) зерттеуге эпидемиологиялық тәсіл. Эпидемиологиядағы сеБнПтілік. Адамдар популяциясында жұқпалы емес аурулар дамуының қауіп факторлары. Эпидемиологиялық зерттеулер. Инфекциялық емес патологияның эпидемиологиясы. Халықтың денсаулық жағдайын бақылаудың мемлекеттік жүйесі. Өзекті инфекциялық емес аурулардың эпидемиологиясының негіздері (Теориялық және әдістемелік негіздер). Экологиялық және жүрек-қан тамырлары ауруларының эпидемиологиясы. Халықтың денсаулығына қауіп-қатерді бағалау әдістемесі. Ресми статистика және арнайы ұйымдастырылған зерттеулер деректері негізінде жұқпалы емес ауруларды эпидемиологиялық қадағалау үшін қажетті деректерді жинау, сақтау (деректер базасы), жүйелеу алгоритмі. | БнП | ЖК | 3 | ОН1<br>ОН3<br>ОН7<br>ОН8<br>ОН11<br>ОН12<br>ОН14 |
| 57 | Аса қауіпті инфекцияларды эпидемиология лық бақылау | Ел аумағын санитариялық қорғау жөніндегі іс-шараларды, жекелеген ноозологиялық нысандардың клиникалық-эпидемиологиялық сипаттамасын, науқасты анықтау кезіндегі медициналық персоналдың іс-қимылын, ақпарат және хабарлау схемаларын, емдеу және шұғыл профилактиканы, | БнП | ЖК | 4 | ОН1<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН8<br>ОН9 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | төсемдерді жинақтауды, материалды алу, тасымалдау қағидаларын, жеке қорғану құралдарын қолдануды, режимді талап ететін аса қауіпті инфекциялардың (АҚИ) бойынша білімді, практикалық дағдыларды қалыптастыру патогенді микроорганизмдермен ластанған түрлі объектілерді зарарсыздандыру. Халықтың денсаулығына қауіп-қатерді бағалау әдістемесі. Ресми статистика және арнайы ұйымдастырылған зерттеулер деректері негізінде жұқпалы ауруларды эпидемиологиялық қадағалау үшін қажетті деректерді жинау, сақтау (деректер базасы), жүйелеу алгоритмі. АҚИ-ды эпидемиологиялық бақылау саласындағы нормативтік актілер. Медициналық ұйымдарда биологиялық қауіпсіздікті ұйымдастыру негіздері. | | | | ОН10<br>ОН11<br>ОН12<br>ОН13<br>ОН14 |
| 58 | Эпидемиология | Жұқпалы аурулардың эпидемиялық үдерісінің пайда болуының, дамуының және жойылуының жалпы заңдылықтары туралы, жүргізілетін дезинфекциялық, зарарсыздандыру іс-шараларының тиімділігіне қадағалау жүргізу туралы білімді қалыптастыру. Эпидемиология әдістері. Эпидемиялық үдерістің буындары. Жұқпалы аурулардың берілу механизмдері, жолдары және факторлары. Инфекция ошақтарындағы профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар. Эпидемиологиялық бақылау, талдау және диагностика. «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Заңы, Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары, негізгі биологиялық қауіптер, биологиялық қауіпсіздік саласындағы көрсеткіштер мен жіктеулер. Биологиялық тәуекелдерді басқару, патогендік биологиялық агенттермен (ПБА-I-IV топтар) жұмыс істеу бойынша қызметті жүзеге асыру, биологиялық | БнП | ЖК | 4 | ОН1<br>ОН7<br>ОН9<br>ОН10 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қауіпсіздік саласындағы есепке алу және мониторинг. | | | | |
| 59 | Төтенше жағдайлардың эпидемиологиясыса нитариялық-карантиндік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу | Төтенше жағдайларды (ТЖ) эпидемияға қарсы қамтамасыз ету негіздері. ТЖ-ны антибактериологиялық қамтамасыз ету ерекшеліктері. Биологиялық терроризм. Эпидемиология, карантиндік инфекциялардың алдын алу және эпидемияға қарсы қамтамасыз ету. ҚР аумағын санитариялық қорғау. ҚР Мемлекеттік шекарасында санитариялық-карантиндік бақылауды ұйымдастыру. Карантиндік инфекциялардың тізімі. Карантин мен бақылауды ұйымдастыру. Карантиндік инфекциялар әкелінген жағдайда қызметтердің өзара іс-қимыл жасау тәртібі. СББ қызметі. Карантиндік инфекцияға күдік болған кезде ақпарат беру тәртібі. Халыққа жалпы және арнайы профилактикасын жүргізу. Санитариялық-карантиндік бақылау жөніндегі нормативтік құжаттар. | БнП | ЖК | 4 | ОН1<br>ОН2<br>ОН3<br>ОН5<br>ОН6<br>ОН7<br>ОН9<br>ОН10<br>ОН11<br>ОН12 |
| 60 | «Радиациялық гигиена жөніндегі маман ретінде» өндірістік практика | Әртүрлі қауіпті зертханаларды орналастыру және жоспарлауқағидалары. Жабдықты тығыздау. Желдетуді, сумен жабдықтауды және кәрізді ұйымдастырудың ерекшеліктері. Құрылыс және қапта уматериалдарына, үй-жайлар мен жабдықтардың беткейлеріне қойылатын талаптар. Жеке қорғаныс құралдары. Қызметкерлердің жеке гигиенасы. Жабдықтар мен арнайы киімдерді радиоактивті ластанудан тазарту. Радиоактивті қалдықтарды жинау, сақтау, тасымалдау, залалсыздандыру, көму. Санитариялық-дозиметриялық бақылау. Емдеу-алдын алу шаралары. | БнП | ЖК | 2 | ОН1<br>ОН3<br>ОН6<br>ОН7<br>ОН9<br>ОН11<br>ОН 12 |
| 61 | «Гигиена және эпидемиология маманы ретінде» өндірістік практика | Санитариялық-гигиеналық және эпидемиологиялық бақылау мамандарының жұмысын ұйымдастыру және мазмұны. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында бақылау-қадағалау қызметтерін жүзеге асыру. Санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс- | БнП | ЖК | 5 | ОН1<br>ОН2<br>ОН 3<br>ОН4<br>ОН5 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шараларды жүргізу. Бақылау нысандарындағы зертханалық аспаптық зерттеулер және нәтижелерді талдау. Құжаттаманы жүргізу; ғылыми-зерттеу қызметі: ғылыми әдебиеттерді және ресми статистикалық шолуларды талдау, статистикалық талдау жүргізуге қатысу және алынған нәтижелерді көпшілік алдында ұсыну; адамға тіршілік ету ортасы факторларының әсер етуімен байланысты іс-шараларды жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдерді бағалауға қатысу. | | | | ОН 6<br>ОН 7<br>ОН8<br>ОН9<br>ОН10<br>ОН11<br>ОН12<br>ОН13 |
| 62 | **Эксперименттік-зерттеу жұмысы** | | | | **13** | |
| 63 | **Магистрлік жобаны жазу, қорғау және кешенді емтихан тапсыру** | | | | **12** | |
| | **БАРЛЫҒЫ** | | | | **300** | |

Қосымша 1.3

**«Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы бойынша практикалық дағдылар тізімі**

| № | Тізімі | Меңгеру деңгейі |
|---|---|---|
| 1 | Жеке және халық денсаулығының детерминанттарын, проблемалары мен санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығына қауіп төндіретін факторларды анықтау. | Жасай алу |
| 2 | Халық денсаулығын бағалау және зерттеу әдістерін меңгеру. Эпидемияға қарсы және алдын алу шараларын ұйымдастыру және өткізу. | Тәлімгердің жетекшілігімен жүргізу |
| 3 | Әзірленген және өткізілген іс-шаралар нәтижесінде алынған мәліметтерді басқару және оларды ғылыми және практикалық мақсаттарда пайдалану. | Тәлімгердің жетекшілігімен ұйымдастыру және жүргізу |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Тұрғын, қоғамдық және өндірістік үй-жайлардағы судың, топырақтың, ауаның сапасын, микроклимат параметрлерін, жарықтандыруды, жылытуды және желдетуді бағалау әдістерін меңгеру және оларды ұйымдастыру бойынша шараларды ұсыну. | Өз бетінше меңгеру және қолдану |
| 5 | Жұқпалы және жұқпалы емес ауруларға және қоршаған орта объектілерінің жай-күйіне эпидемиологиялық бақылауды ұйымдастыру. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығының маңыздылығын қолдау және насихаттау. | Өз бетінше ұйымдастыру және талдау |